

Түркістан облысының білім басқармасы
«Кентау көpsалалы колледжі» МҚҚҚ-ның сыйбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде
қалыптастырылған анықтама жобасына жария талқылау
ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

19.06.2024 жыл

Жиналысқа қатысқандар саны – 25 (жиырма бес). Колледж әкімшілігі,
қызметкерлері, жалпы және арнайы пән оқытушылары
Жиналыс төрайымы: Кентау көpsалалы колледж директоры
Г.А.Шаймерденова
Хатшы: Элеуметтік педагог Б.Ш.Ермекбаева

Күн тәртібінде:

1. Мекеме қызметінің сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау.

Кентау көpsалалы колледж директоры Г.А.Шаймерденова 2024 жылы 17 мамыр - 28 маусым аралығына жоспарланған Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің үгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығын орындау мақсатында кесіпорынның 2024 жылғы 4 наурыз №57 н/к бұйрығымен құрылған топпен сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің туындаудына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Нәтижесінде мекеменің персоналды басқару қызметінде жұмыс тобымен сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша баяндамашы комплаенс қызметіне жауапты маман Б.Ш.Ермекбаева сөз сөйледі.

Баяндамашы мекеменің персоналды басқару қызметіне қатысты ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы топпен бір қатар кемшіліктерінің анықталғанын айтты:

Атап айтқанда:

1. Мекемеге жұмысқа қабылдау жөніндегі кейбір бұйрықтарында негіздеме ретінде жолдамамен келгені көрсетілмеген. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 12 баб 1 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында еңбек қатынастары еңбек шарты негізінде туындейды, яғни жасасқан еңбек шартында негіздеме ретінде көрсетілуі қажет.

2. Мекемеде шығарылған бұйрық пен шығыс хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығының талаптары сақталынуына назар аударылып, мемлекеттік

Ұйымдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңасы бейнеленген құжатының қағаздағы бланкілері есепке алынуға тиіс, ол үшін құжат бланкінің әрбір данасының он жақ төменгі бұрышына типографиялық тәсілмен немесе нумератормен оның нөмірі, қажет болған кезде сериясы қойылады. Мекемемен шығарылаты бүйректар өкімдік құжат болып саналатын болғандықтан, бланкілері арнайы полиграфия қуралдарының көмегімен баспаханалық тәсілмен дайындалу қажет және қатаң түрде есебі жүргізуі қажет. Жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында еңбек қатынастарының басталуы да, аяқталуы да бүйрекпен бекітіледі, яғни мекемедегі жұмыскерлердің нақты саннын айқындайтын акт болып табыландықтан, қатаң түрде есебі жүргізуі қажет. Бұл сыйайлас жемқорлық тәуекелін тудырады.

Кентау көpsалалы колледж директоры Г.А.Шаймерденова сөз кезегін алғыш, күн тәртібіндегі талқыланған мәселе өзекті екендігін айтЫП, қатаң бақылауға алу қажеттілігін тапсыРДЫ. Заннама талаптарын сақтауды қатаң ескертті.

Мекеме қызметінің сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасына талқылау жүргізу жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Сыйайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қортындысы бойынша анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жасалсын.

Жиналыс төрағасы

Хатшы

Г.А.Шаймерденова

Б.Ш.Ермекбаева

